

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кезектен тыс қамқоршылық кеңесінің
№1 хаттамасы**

29-тамыз 2024 ж.

Ақтасты ауылы

Қатысқандар саны - 7 адам

Шақырылғандар: -5 (өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері)

КҮН ТӘРТІБІ

1.«Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебі» КММ директоры С.Г.Аяпованың мектепте өзін - өзі бағалау жұмысын жүргізу қорытындысы туралы есебін тыңдау.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Жолмұратов О- қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Бүгінгі күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебінде 2024 жылдың 02 мамырынан – 31 мамыр аралығында өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілгенін атап өтті. Мектептің өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыруға сөзді мектеп директоры С.Г.Аяповаға берді.

СӨЙЛЕУШІ:

С.Г.Аяпова -өзін-өзі бағалау комиссиясының төрайымы,мектеп директоры

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы»№ 486 бұйрығының 2- тарау 3-тармағының 1,2- тармақшаларына сәйкес Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебінің кезектен тыс өткізілген №5 кіші педагогикалық кеңесінің шешімімен 2024 жылдың 02 мамырынан – 30 мамыр аралығы өзін-өзі бағалау кезеңі деп танылып, өзін-өзі бағалау жүргізу үшін жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес комиссия құрамы бекітіліп, комиссия мүшелері арасына тапсырмалар бөлініп берілді. Өзін-өзі бағалау кезінде білім беру қызметіндегі нормативтік –құқықтық актілермен жеке қолданыстағы құқықтық актілер зерделенді. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «жақсы» деген қорытынды берілді. (слайдпен бағалау парағы көрсетілді) Мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау барысында педагог кадрлардың тиісті бейінін анықтайтын құжаттарының үлесі, біліктілік санаттары бойынша үлес пайызы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі, мемлекеттік тіркеу тізіліміне сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуымыз,оқу- әдістемелік кешендермен қамтамасыз етуіміз сәйкестігі бағаланды. Мектеп педагогтары мен 4-9 класс білім алушыларының ата-аналарынан және мектеп алды даярлық класының тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне ата-аналардың пікірін білу үшін, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейін анықтау үшін педагогтерден онлайн сауалнамалар алынды. Сонымен қатар, білім, білік және дағды сапасын бағалау үшін 4,9 класс оқушыларынан онлайн форматында тест алынды. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске

асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес жоғарыдағы көрсетілген мазмұнда бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «жақсы» деген қорытынды берілді. (слайдпен бағалау парағы көрсетілді).

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Жайымова Л.Н мектеп қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарына қанағаттанатынын, «Мектепке интер белсенді тақталардың мемлекеттік тіркеу тізіміне сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуымыз қажет екенін тілге тиек ете отырып, сонымен қатар біліктілік санаттары жоқ мамандардың уақытында біліктіліктерін көтер, талап етілсін.

Мектеп директоры С.Г.Аяпова қойылған ескертулер бойынша Э.Болатовичке қазіргі таңда 2023 жылдың бюджеті бойынша 2- тақта алынды, ал 2024 жылдың бюджет жоспарында 5-сондай тақта жоспарланып отырғанын айтты.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Жолмұратов О өзін-өзі бағалау жұмыстарының берілген қорытындысын қолдайтындығын атап өтті.

Мектеп директоры С.Г.Аяпова бұл мәселенің күн тәртібінде тұрғандығын айтты.

Күн тәртібіне қойылған мәселе толық тыңдалып, талқыланып

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Мектеп басшысының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері «жақсы» деп бағалансын.
2. Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебінің өзін- өзі бағалау жұмысының қорытынды анықтамасы мектептің интернет-ресурсында уақытылы жариялансын.
3. Қамқоршылық кеңесінің шешімі мектептің интернет-ресурсында жариялансын.

Кеңес төрағасы:

Жолмұрат О

Хатшы:

Айтмагамбетова А .

Кеңес мүшелері:

Жайымова Ляззат

Ибрагимова Майра

Айтмагамбетова Қаракөз

Шөлекенов Арыстан

Боранбаева Анар

Бекет Ернұр